

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 531 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 33001 болып тіркелді

"Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

М. Ахметжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

2023 жылғы 30 маусымдағы

№ 531 Бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау қағидалары

1. Осы Қағидалар "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау тәртібін айқындайды.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген тәртіппен берілетін рұқсатты алу туралы қолдаухатпен жүгінген кезде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растайды.

Өтініш білдіруші Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем жасау қабілеттігін растау үшін ішкі істер органдарына тұрақты тұруға қалдыру туралы – өтінішхат берілген күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір мың үш жүз жиырма еселенген ең төменгі есептік көрсеткіш тең немесе баламасынан асатын;

3. Төлем қабілеттілігін растайтын ұсынылған құжаттарды шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның келісімімен ішкі істер органдары төлем жасау қабілеттілігін растайтын құжатты берген банк мекемесіне осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес сұрау жіберу жолымен түпнұсқалық тұрғысынан тексереді.

Қазақстан Республикасында
тұрақты тұруға рұқсаттар алуға
үміткер шетелдіктердің және
азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасында
болу кезеңінде өздерінің төлем

(банк мекемесінің атауы)

(тегін, атын, әкесінің атын, (бар болған жағдайда) туған күнін, паспорттық деректерін

көрсету) 20__ ж. " __ " _____ шығыс № _____ хатпен берілген шетелдіктің (азаматтығы жоқ адамның) банк шотының бар-жоғын растайтын құжаттың түпнұсқалығы туралы ақпаратты хабарлауды сұраймын. Ақпарат сұраған:

(ішкі істер органы басшысының лауазымы, тегі, аты-жөні, (бар болған жағдайда) _____ (лауазымды адамның қолы)

_____ ішкі істер органына
(шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның тегі, аты, әкесінің аты, (бар болған жағдайда) ақпарат беруге келісемін.

(қолы) (күні)